

Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 мамырдағы N 482 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Шығыс Қазақстан облысының әкіміне Шығыс Қазақстан облысының Абай, Аягөз, Жарма, Зайсан, Күршім, Тарбағатай, Ұлан және Үржар аудандарында дауылды жел салдарынан бүлінген және қираған мемлекеттік мекемелер ғимараттарын, тұрғын үйлерді, инженерлік құрылыстарды, электр беру және байланыс желілерін жөндеуге және қалпына келтіруге 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 57000000 (елу жеті миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Шығыс Қазақстан облысының әкімі 2007 жылғы 10 қаңтарға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне 2006 жылы орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есепті ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі